



ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ

Кенжеғали Сағадиев,

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы, ҚР ҰҒА академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор

Мен 1995 жылы Ұлттық кеңестің мүшесі болатынымын. Осы Ұлттық кеңестің бір кезекті мәжілісі аяқталғаннан кейін Президент біздің кідіре тұруымызды өтініп, «мен сіздермен бір мәселені ақылдасайын деп едім», - деді. Жиырма шақты адам отырғанбыз. Ұлттық кеңес мүшелері - бәріміз «не айтар екен» деп іштей ойланып, қарап қалдық. Президент: «Астананы өзгерту керек, көшуге біраз себептер бар. Сол астананы Целиноградқа көшірсек қалай болады», - деді. Жұрт тым-тырыс. Ешкім үндемейді.

Мен бірінші болып орнымнан түрегелдім. «Бұл – дұрыс ұсыныс, Нүреке. Мен сегіз жыл осы Целиноградта Ауыл шаруашылығы институтының ректоры болдым. Ауа райын, жалпы жағдайын білемін, бұл - көшуге тұратын жер. Орналасқан жерін алатын болсақ, Қазақстанның орталығы. Шешіміңіз осындай болса, бұл дұрыс деп есептеймін», - дедім. Барлығымыз сонымен тарастық, басқа пікір айтылған жоқ.

Кейіннен Ұлттық кеңестің алдында тағы бір рет осы жағдайды қарап келуге Президент сол кездегі вице-президент Ерік Мағзұмұлы Асанбаевты жіберген екен. Олар жалпы мүмкіншілікті, қалай көшуге болады, кім қайда орналасады деген мәселелер, келешегі қалай болады деген мәселелер жөнінде біраз ізденіп, министрлерді бірге алып барып, қарап, жер жағдайын зерттеп келіп, тағы да баяндады. Кеңесте тағы да сол туралы баяндаманы тыңдадық.

«Астана көшеді екен» деген сөз тез арада халыққа тарап кетті. Әрине, әр түрлі пікір болды. Бірінші пікір: ол кезде еліміз-

дегі жағдай өте нашар болатын. Бағаның өсіп кетіп, тұрмыстың күрт төмендеп кеткен кезі еді. Шаруашылықтың көптеген салаларына, әсіресе әлеуметтік салаға қаржымыздың жетпей жатқан кезі. Сол кезде оған қарсы болған адамдардың ең алғашқы айтқан дәлелі - «көшудің қаншалықты қажеті бар, басқа да мұң-мұқтажымыз жеткілікті емес пе» деген уәж еді. Әр түрлі пікірлер айтылды.

Президенттің де біраз ойласуына тура келді. Қоғамдық пікірмен де есептесіп, пікірін тыңдады. Содан кейін бір-екі жыл өтті. Президент оң-теріс пікірлердің барлығын жинақтап, ой елегінен өткізіп, сараптай келе белгілі бір байламға тоқтады. Сөйтіп, тарихи шешім қабылданды. Тарихи шешім - астананы Қазақстанның орталығына алып келу.

Бұл - аса маңызды шешім, мен өзім оны дұрыс шешім деп есептеймін. Біріншіден, Астананың еліміздің нақ ортасында орналасуы - қауіпсіздіктің жақсы бір негізі, шетте тұрған да болмайды. Екіншіден, Алматы - керемет әдемі қала, бәріміз сол жерден өсіп-өніп, білім алып, азамат болып қалыптасып шықтық. Мен әлі күнге дейін осыған бір керемет құрметпен қараймын. Дегенмен, бір жағы - тау, бір жағы - құм. Енді астана болған соң, мемлекет дамығаннан кейін ол әрі қарай өспей ме, өркендемей ме? Ол жағынан мүмкіншілігі өте аз болды. Міне, осы тұрғыдан келгенде осынау сайын дала, кең байтақ Сарыарқада Астананы қалай дамытам десе де мүмкіндік бар, жер жетеді бұл жерде. Негізінен, астананы көшірудің осындай екі себебі болды.

Ал, енді біздің бәріміздің де, әрине,




көзіміз бұған онша жете қойған жоқ. Жарайды көшсін, осындай стратегиялық маңызы бар екен деп, ол кісінің шешімін дұрыстағанымыз рас. Бірақ Нұрекең дәл осындай жігерменен осы қаланы қайтадан, жаңадан салады, осындай әсем, әдемі қалаға айналдырады деген біздің ешқайсымыздың ойымызда болған жоқ. Ал, Президент мұны әу бастан-ақ көздеген екен.

Қазір біздің Астанамыз жаңа Қазақстанның, тәуелсіз Қазақстанның бет-бейнесі сияқты. Бұл, әрине, бұдан әрі қарайда гүденіп, дамиды. Астана қазірдің өзінде-ақ ұлтымыздың мақтанышы болып отыр. Астанаға қонақтар жер-жерден келеді, аралап көріп, үлкен әсер алады. Бұрын біздің тарихымызда болмаған әсем ғимараттар бой көтерді, бұлар - тіпті кейбір елдерге үлгі болатын ғимараттар. Мұның барлығы жан-жақты ойластырылған және өскелең ұрпақ үшін жасалып отыр. Мына Ақорданың өзі неге тұрады, біз отырған ғимараттар неге тұрады! Ұрпақ көргенін істейді, «ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» дегендей, осындай жақсы іс-шараларды, осындай үлкен-үлкен өзгерістерді, жақсы дамуды көріп отырған ұрпақ бұдан тәрбие алып,

осындай әдемі істер жасауға ұмтылады.

Екіншіден, мынау - керемет құрылыс. Бұл Қазақстан экономикасының бастаушы күші болды десек қателеспейміз. Орысша «локомотив» дейміз ғой. Осы жерде қаншама адам жұмыс орнын тапты, қаланың құрылысы бойынша Қазақстан көлемінде қаншама жұмыс орындары іске қосылды. Өйткені, құрылыс материалдарының бәрі осы Астанадан ғана шықпайды. Басқа жерлерде сондай зауыттар, фабрикалар, кәсіпорындар бой көтеріп жатыр. Міне, бұл да халыққа жұмыс орнын табуға үлкен демеу болды. Экономикаға тиісті екпін беруге осының бәрі әсер етті.

Жалпы, біздің халық – астанашыл халық. Ертеде қазақ халқы хан отырған жерге жақындап көшіп келіп отырған. Ханның жанына топтасқан. Ол кездері біздің тұрақты астанамыз да болған жоқ. Дегенмен, оңтүстікте, батыс өңірлерде халық топтасқан. Сол тарихи дәстүр қазіргі күнге дейін сақталған. Мінекей, қаншама халық, қазір 600 мыңдай адам тұрады, ал бастапқыда халық саны 380 мыңның көлемінде болған. Сол халық бірі жұмысын тауып, бірі қоныс аударып, астаналық рухта тәрбиеленіп жатыр.





Өркениетке бой ұсынып жатыр. Ол да – үлкен дүние.

Енді Астана болғаннан кейін ол елдің рухани өмірінің де кіндігі болу керек. Үкімет, Президенттің өзі осы Астана тек қана басқару орталығы болмай, елдің рухани астанасы болуы үшін көп шаралар жасап жатыр. Мысалы, Еуразия университеті, жаңадан бой көтерген оның ғимараттары көптеген елдердегі үлгілерден де озық деп айтуға болады. Міне, осындай оқу орнында мықты мамандар даярланады. Ұлттық Музыка академиясында дарынды қыздарымыздың бірі Айман Мұсаходжаева бастаған және басқа да мәдени орталықтар бар. Аграрлық-техникалық университет, оның да ғимараттарын қайта тұрғызып, Еуразия Ұлттық университеті сияқты ғылым мен білімнің ордасына айналдыруымыз керек. Мұнда қаншама өнер адамдары келіп жатыр. Үлкен опера театры ашылды, драма театры бар. Зиялы қауым осында топтасып жатыр. Қайраткерлер, ақындар, композиторлар, ғалымдар, әрбір саладағы жетекші ғалымдар бірте-бірте осында шоғырланып жатыр. Бұл да келешекте Астананың үлкен мәдени-рухани орталыққа айналуының

алғышарттары болып табылады.

Осында ректор болып қызмет атқарғанда, осы өңірдегі тұрғындардың 17-ақ пайызы қазақ болатын. Ал, тың көтергенге дейін осы жердің тұрғындарының 70%-ы қазақ болатын. Тыңнан кейін 17-ақ пайыз болып қалды. КСРО Орталық Комитетінде Мищенко деген инспектор болған, онымен екі сағат дауласып отырып мен осы мәселені қозғағанмын. «Біз жерімізді беріп отырмыз, сіздер бізді ұлтшылдар деп қалай айтасыз», дегендей әңгімелер айтылған.

Расында, солтүстік өңірде ұлттық болмыс, ұлттық рух деңгейі төмендеу. Дегенмен жағдай дұрысталып келе жатыр. Қазақ хан ордасы маңайында көбірек орналасады деп айтқанымдай, Шортанды, Бурабай жағымызда қазақтар көп орналасып жатыр. Сонымен қатар шет елдерден келіп жатқан оралман бауырларымызды да еліміздің солтүстік өңірлеріне, Солтүстік Қазақстан облысы, Ақмола облысы, Қостанай, Қарағанды облыстарына орналастырып жатырмыз. Елім, жерім деп келген қандастарымызды тек бос жерге орналастыру емес, экономика мен әлеуметтік саланың түбегейлі мәселелерін шешу үшін пайдалануымыз қажет қой.



Қазіргі таңда бұл мәселеде біршама қалыпқа келіп қалдық.

Тың өлкесі туралы Хрущев осы мәселені қойған кезде көптеген әңгімелер болған. Жұмабай Тәшенов ағамыз осы мәселе үшін қызметінен кетті. Кейінгі өмірінде Үкімет оған дұрыс қызмет те берген жоқ. Сол кісінің табандылығының арқасында тың өлкесі берілмей қалды. Ол үшін үлкен рахмет.

Онан кейін де, тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында да осы мазмұндас әңгімелер болды. Мына жердің дені - орыстар, әрі қарай Ресейге кетсе қалай болады деген сөздер болды. Міне, осының бәрін сезген Президент шұғыл шешім қабылдады деуге де болады. Бұл - ол кісінің өте тапқыр шешімі. Қайраткердің шешімі дегеніміз дұрыс болар. Бұл - шын мәнінде, Елбасының ерлік шешімі. Сондықтан бәріміздің қолдағанымыз дұрыс болды. Енді, міне, жемісін көріп отырмыз. Астана осы жерде тұрған соң, ешкім де бұл жер басқанікі деп айта алмайды.

Ендігі бір керемет ерлік - шарт жүзінде, құжат жүзінде 14,5 мың шақырым жерге шекарамызды белгіледік, мұны осы уақытқа дейін ешкім жасамап еді. Бұл - Президентіміздің ерен еңбегінің бірі. Дүние жүзі мойындаған Астанамыз – елді мекеніміз бар. Бұған кім таласады?! XVIII

ғасырда бізді қатыстырмай, сыртымыздан Ресей мен Қытай жерімізді, елімізді бөлген. Қазір Қытаймен де шекарамызды белгілеп, мойындатып алдық. Шартқа қол қойылды. Міне, бұның бәрі – үлкен тарихи жетістіктер. Шекараның белгіленгені, өзіміздің атамекеніміздің бүкіл дүние жүзі мойындайтын құжатта көрсетілгені – біздің егемендік алғанымыздан кейінгі екінші тарихи оқиға дер едім. Өйткені, жұртты мойындатқан мекенің болмаса, егемендіктен не пайда? Тарихымызда қай жерде қауіп мол болса, хан ордасы сол жерде тігілген. Сарайшық та, Түркістан да солай қалыптасты. Кім біледі, бізге бір астана керек пе, бірнеше астана керек пе? Алматы - бұрыннан қалыптасқан астанамыз. Мінекей, қазір енді үлкен Астанада отырмыз. Мүмкін Түркістан жағын, батыс жақты жақсылап бекіту керек шығар. Бұл – енді, келешектің үлесінде.

